

БАЛАЛАРДЫ ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?



ҚАСКӨЙЛЕР ӨЗДЕРІНІҢ ЖЕЛІДЕГІ ПРОФИЛІН ЖИІ БАЛАНЫҢ АККАУНТЫ РЕТІНДЕ ЖАСЫРАДЫ

Балаңыз өз құрдасымен сөйлесіп жатырмын деп ойлауы мүмкін, бірақ шын мәнінде бұл алаяқ болып шығуы мүмкін. Мұндай виртуалды «достар» баланы ата-анасының төлем картасын суретке түсіріп жіберуге, телефонға жіберілетін SMS-кодты айтып беруге немесе зиянды қосымшаны жүктеуге көндіретін жағдайлар жиі кездеседі.

Балаңызбен диалог орнатыңыз, оның виртуалды достары туралы шынайы өмірдегі достары сияқты сөйлесіңіз. Балаға оның Интернетте жариялағанының бәрі жалпыға ортақ екенін және Дүниежүзілік ғаламторда сақталатынын, бұл деректерді кез келген адам пайдалана алатынын түсіндіріңіз. Балаңызға бейтаныс адамдарға, әсіресе Интернетте неге сенуге болмайтынын және қандай деректерді жария етпеу керектігін түсіндіріңіз.

Онлайн-алаяқтардың аяласына балалар ғана емес, сенгіш ересектер де алданып қалуы мүмкін. Сондықтан қаржылық сауаттылығыңызды жүйелі түрде арттырыңыз, сонымен қатар балаңызбен жиі сөйлесіп, жеке деректерді, ақшаны ұрлаумен және сіз болмаған кезде туындауы мүмкін Интернеттегі алдаудың басқа әдістерімен байланысты әртүрлі жағдайларды бірге қарастырыңыз.



ӘРБІР АТА-АНАНЫҢ БІЛУІ ТИІС ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ:

Балаңыздың Желіде өткізетін уақытын шектеңіз;

Балаңызға неге құпия сөзіңізді және басқа да жеке деректеріңізді ата-анаңыздан басқа ешкімге беруге

болмайтынын, неліктен интернетте бейтаныс адамдарға сенбеу керектігін түсіндіріңіз;

Смартфонда да, басқа гаджеттерде де антивирусты пайдаланыңыз;

Балаңызға лицензиясыз қосымшаларды неге жүктей алмайтыныңызды айтыңыз;

Электрондық поштаға немесе мессенджерлерге жіберілген белгісіз қоса берілген файлдарды іске қоспаңыз;

Контентті сүзгіде өткізіңіз. Ол үшін ақысыз рекурсивті DNS-сервистерді пайдаланыңыз (мысалы: openDNS, yandex және т. б.);

Балаларыңызбен көбірек уақыт өткізіңіз, сенімді қарым-қатынасты қолдап отырыңыз және балаларыңызды ерте жастан қаржылық сауаттылыққа үйретіңіз!



FinGramota

Повышение финансовой грамотности населения

